

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ

Бюджет қаражаты есебінен ғылыми зерттеулер мен ғылыми жұмыстарды орындау үшін тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтерді сатып алу комиссиясы отырысының

№ 28 ХАТТАМАСЫ

Алматы қ.

31.10.2025ж.

Комиссия отырысын өткізу орны: Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы 71, Рectorат ғимараты, 12 қабат, 02 кабинет

Комиссия отырысын өткізу күні: 31.10.2025 ж.

Комиссия отырысын өткізу уақыты:

Басталуы: 10 сағат 30 минут

Аяқталуы: 10 сағат 40 минут

Комиссия отырысына қатысушылар:

Комиссия төрағасы:

1. М.К. Ибраимов - Ғылыми инновациялық қызмет жөніндегі Басқарма мүшесі-проректор

Комиссия мүшелері:

2. Н. Мейрамбекұлы - Аналитика және ғылыми жобаларды үйлестіру басқармасының басшысы;
3. Б.Н. Аскарова - Мониторинг және жабдықтау бөлімінің басшысы;
4. Е.Ғ.Кенжебек – «Ақпараттық және жоғары өнімді технологиялар» ғылыми зерттеу институты директорының орынбасары;
5. М.М. Төреханова - Аналитика және ғылыми жобаларды үйлестіру басқармасының бас маманы.
6. Н. Шаханов - Заң департаментінің жетекші маманы.

Комиссия хатшысы:

Т.Е. Нурбеков - Аналитика және ғылыми жобаларды үйлестіру басқармасының бас маманы.

Ғылыми жоба жетекшісі:

М.М.Бүркітбаев

Комиссия мүшелері Экономика және қаржы департаментінің директоры - А.Ж. Макашова мен Ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі департамент директоры - Қ.Т. Тастамбек жұмыс бабына, Ақпараттық технологиялар департаментінің директоры Ғ.Т. Сариев жыл сайынғы ақылы еңбек демалысында болуына байланысты комиссия отырысына қатысқан жоқ. Комиссияның қалған мүшелері комиссия отырысына толық құрамда қатысты, комиссия отырысының қворумы бар.

Дауыс беру тәртібі:

Ашық дауыс беру.

Комиссия отырысының күн тәртібі:

Ғылыми жоба жетекшісі - М.М.Бүркітбаевтың, ИРН DP23691813, «NANOQUQIRT» - Өсімдіктердің өсуіне фунгицидті әсері бар жаңа бифункционалды стимуляторды өндіру және жүзеге асыру» ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобасы негізінде жасалатын зерттеу жұмыстарына қажетті қызметтерді (бұдан әрі - Қызметтер) сатып алу туралы ұсынысын қарау.

1. Жоба жетекшісі - М.М.Бүркітбаевтың ИРН DP23691813, «NANOQUQIRT» - Өсімдіктердің өсуіне фунгицидті әсері бар жаңа бифункционалды стимуляторды өндіру және жүзеге асыру» ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобасы негізінде жасалатын зерттеу жұмыстарына қажетті:

- 1) Бастапқы шикізат пен өнімнің сапасын бақылау;
- 2) Препараттарды пайдаланушылар үшін нұсқаулықтар мен ұсынымдар дайындау;
- 3) Өсіру процесінде тұқымдарды себу алдында өңдеу және өсімдік ерді өңдеу технологиясын бақылау;
- 4) Өндірістік құжаттаманы енгізу және талдамалық материалдарды жасау;
- 5) Технологиялық желінің жай-күйін қолдау және қажет болған жағдайда оны жөндеу жөніндегі инженер Қызметтерін сатып алу туралы ұсынысы қаралды. Аталған Қызметтерді сатып алумен байланысты төмендегі кестеге сәйкес Әлеуетті жеткізушілерден коммерциялық ұсыныстар келіп түскен.

№	Әлеуетті жеткізуші	Жалпы құны, тенгемен
1	ҚР ҒЖБМ ҒК «Жану проблемалары институты» ШЖҚ РМК	60 000 000
2	«Инфекцияға қарсы препараттардың ғылыми орталығы» АҚ	68 000 000
3	«Ә.Б.Бектұров атындағы химия ғылымдары институты» АҚ	87 500 000

Ғылыми жоба жетекшісі - М.М.Бүркітбаев комиссия отырысында комиссия мүшелеріне жоғарыда көрсетілге бастапқы шикізат пен өнімнің сапасын бақылау, препараттарды пайдаланушылар үшін нұсқаулықтар мен ұсынымдар дайындау, өсіру процесінде тұқымдарды себу алдында өңдеу және өсімдік ерді өңдеу технологиясын бақылау, Өндірістік құжаттаманы енгізу және талдамалық материалдарды жасау сондай-ақ Технологиялық желінің жай-күйін қолдау және қажет болған жағдайда оны жөндеу жөніндегі инженер қызметтерін өте жақын арада сатып алу жоғарыда көрсетілген «Өсімдіктердің өсуіне фунгицидті әсері бар жаңа бифункционалды стимуляторды өндіру және жүзеге асыру» ғылыми жобасы бойынша ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру үшін маңызды екенін атап өтті. Сонымен бірге жоба жетекшісі, осы жоба бойынша қызметтерді сатып мақсатында комиссияның қарауына бұдан бұрын да 3 өтінім берілгенін, алайда Ғылым қорының аталған қызметтерді жүзеге асыруды бір институтқа беру қажеттігі туралы ескертпелерін негізге ала отырып, комиссияда бұрын да қаралып кеткен қызметтерді сатып алу туралы Ұсыныстардың бәрін қайта біріктіріп жоғарыда көрсетілген Қызметтерді көрсету бойыншы нақты бір ұсыныс беріп отырғанын айтып жеткізді. Комиссия құрамы, жоғарыда көрсетілген Қызметтерді көрсету бойынша Әлеуетті жеткізушілерден келіп түскен коммерциялық ұсыныстарды қарап

шығып, сонымен бірге қызметтер бойынша жоба жетекшісінің жауаптарын негізге ала отырып, жоғарыда көрсетілген Қызметтерді сатып алу бойынша бойынша ҚР ҒЖБМ ҒК «Жану проблемалары институты» ШЖҚ РМК-на дауыс беруге шешім қабылдады.

Дауыс берді:

«Қолдаймын» - 6

«Қарсы» - 0


Қалыс қалды» - 0

ШЕШІМ: Жоба жетекшісі - М.М.Бүркітбаевтың ИРН DP23691813, «NANOQUQIRT» - Өсімдіктердің өсуіне фунгицидті әсері бар жаңа бифункционалды стимуляторды өндіру және жүзеге асыру» ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобасы бойынша зерттеу жұмыстарына қажетті жоғарыда көрсетілген Қызметтерді сатып алу бойынша «Ғылыми зерттеу институттары мен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының ғылыми зерттеулер мен ғылыми жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бюджет қаражаты есебінен сатып алу қағидаларының» 31 тармағының 1 бөлігіне сәйкес көпшілік даусымен ашық дауыс беру нәтижесінде:

- 1) Әлеуетті жеткізуші ҚР ҒЖБМ ҒК «Жану проблемалары институты» ШЖҚ РМК бір ауыздан коммерциялық ұсыныстарды сұрату тәсілімен конкурс жеңімпазы болып танылсын;
- 2) Ереженің 37 тармағына сәйкес, конкурс жеңімпазы ҚР ҒЖБМ ҒК «Жану проблемалары институты» ШЖҚ РМК - мен Қызмет көрсету туралы Келісімшарт жасалсын.

Комиссия төрағасы:

М.К. Ибраимов



Комиссия мүшелері:

Н.Мейрамбекұлы

Б.Н. Аскарова

Е.Ғ.Кенжебек

М.М. Төреханова

Н. Шаханов



Комиссия хатшысы:

Т.Е. Нурбеков

